

Қазақстан Республикасының Білім
және Ғылым Министрлігі
Шәкәрім атындағы Семей
мемлекеттік университеті



БӨЖ

Тақырыбы: «Патогенез»

Орындаған :Мейрамбекова . А

Тобы : ВМ-503

Тексерген :Нуркенова М.К.

Жоспары

- Этиология
- Ауру себептерге байланысты жіктеледі
- Жұқпалы емес аурулар
- жұқпалы (індетті) аурулар
- Инвазиялық аурулар
- Жалпы патогенез
- Патогенез мәселесі.
- Соңғы жылдардағы патогенез
- Патогендік факторлар
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

ЭТИОЛОГИЯ

Этиология — аурудың себептері мен пайда болу жағдайлары туралы ілім. Аурудың себебі болып әдеттегіден тыс санды және сапалы ерекшелігі бар тітіркендіргіш саналады, организмде ол өзіне тән өзгерістер тудырады. Ауру себептері шартты түрде эндогендік (ішкі) және экзогендік (сыртқы) болып бөлінеді. Аурудың эндогендік себептері туа немесе жүре пайда болған организмнің дұрыс дамымауымен байланысты болуы мүмкін. Аурудың экзогендік себептеріне сыртқы ортаның организмге әсер ететін факторлары жатады, олар механикалық, физикалық, химиялық және биологиялық болып бөлінеді. Кейбір аурулардың себебі осы күнге дейін анықталмаған. Кейде себептік фактор көптеген экзогендік және эндогендік факторлармен бірігіп әсер етеді. Бұл кезде ауру даму үшін организмнің қорғану бейімделу механизмдерінің жеткіліксіздігінің маңызы зор.

Ауру себептерге байланысты былай жіктеледі:

- 1) жұқпалы емес аурулар
- 2) жұқпалы (індетті) аурулар
- 3) инвазиялық аурулар (протозооноздар, гельминтоздар, арахноэнтормоздар).



Жұқпалы емес аурулар

1) жұқпалы емес аурулар (тұқым және даму ақаулары, механикалық жарақаттар, химиялық, физикалық тітіркендіргіштердің ықпалынан және жануарларды азықтандыру, күтіп-бағу, жұмысқа пайдаланудың бұзылуына байланысты пайда болатын аурулар.



Жұқпалы

- 2) жұқпалы (індетті) аурулар (вирустық, бактериалдық, лейкоздар мен микотоксикоздар).



Инвазиялық аурулар

- 3) инвазиялық аурулар (протозооноздар, гельминтоздар, арахноэнтормоздар). Ауру туғызатын сыртқы ортаның факторлары жануарларды пайдалану, күтіп бағу, азықтандыру жағдайлары, географиялық және маусымдық климат ауытқуы және бейімдеу (тұқым қуалаушылық, құрылымдық, жастық, жыныстық өзгешеліктері, организм реактивтілігі) болып бөлінеді. Бұл жағдайлар бір-бірімен байланысты



Жалпы патогенез

- **Патогенез** (грек: pathos — зардап шегу, ауру, genesis -шығу тегі) дегеніміз — мал ауруының пайда болу механизмі, оның дамып жетілуі туралы ілім. Этиология мен патогенез бір-бірімен тығыз байланысты, патогенез даму үшін алғашқы бұліну процестерінің туындауы қажет. Организмнің патогенді факторлармен өзара қатынасу нәтижесінде ауру пайда болады. Сонымен, аурудың дамуы, барысы мен ақыры организмнің күйіне, тұқым қуалаушылығына, икемділігіне, төзімділігіне, жүйке жүйелерінің функционалдық күйіне байланысты. Ауру бүкіл организмді күйзелтіп, көбінесе жеке ағзаларға зақым келтіреді. Ауру әрқашан жергілікті ошақты және жалпы өзгерістермен сипатталады, олар өзара бірлікте болады.



Патогенез мәселесі.

- Ауруды зерттеуде ең күрделісі — патогенез мәселесі. Табиғаты инфекциялық көптеген аурулардың себептері белгілі болғанымен, алайда жекелеген патогенді агенттердің организмге әсер ету механизмі жеткілікті анықталмаған немесе мүлде белгісіз. Сондықтан ауру патогенезін қарастырған кезде мынадай мәселелер туындайды:



- аурудың дамуында этиологиялық фактордың ролі;
- аурудың пайда болуында және барысында организм реактивтілігінің маңызы;
- аурудың пайда болуында және барысында организм реактивтілігінің маңызы;
- патогенездің негізгі буықдары және себеп-салдар байланыстары;
- функционалдық және морфологиялық өзгерістердің мәні және ауру кезінде олардың өзара байланысы;
- аурудың дамуы үшін нерв жүйесі функциясының мәні;



патогенез

- Соңғы жылдары патологиялық өзгерістердің молекулалық деңгейде пайда болуы мүмкін екендігі дәлелденді, әрине мұны арнайы зерттеу тәсілдерімен ғана байқауға болады. Осыған орай С. С. Вайль (1954) пікірінше, патология жағдайында орган функциясы бұзылатын, ал морфологиялық өзгерістер мүлде болмайтын жағдай да кездесуі мүмкін. Осы аталғандармен қатар, тіпті бір органдағы әр түрлі құрылымдардың оның функциясы үшін әр келкі мәні болады. Сонымен, Вирхов ойлағандай, морфологиялық және функционалдық өзгерістер тура пропорционал бола бермейді. Мұндайда Ф. Энгельстің форма мен мазмұн морфологиялық және функционалдық бірлестік туралы қағидасын еске түсірген жөн. Бүкіл органикалық табиғат форма мен мазмұнның бара - барлығының немесе ажырағысыздығының кілең бір дәлелі болып табылады.



Патогендік факторлар

- Көптеген патогендік факторлар әуелі функционалдык өзгерістер тудырып, соның әсерінен организм функциясының нейрогуморалды регуляциясын бұзады. Осындай патогендік факторлардан мыналар пайда болуы мүмкін:
- Органдар мен жүйелердің арнайы функциялары бұзылады;
- қан айналысы бұзылады;
- нерв трофиктері бұзылады;
- эндокринді бездердің функциясы бұзылады.

Қорытынды

- Патогенез аурудың этиологиясымен өте тығыз байланысты. Қандай да болмасын этиологиялық әсер әрқашан аурудың даму жолдарының басталуына әкеледі. Бұл үшін дене мүшелерінің кез келген бөлшектерінде алғашқы бүліністер пайда болуы қажет. Алғашқы бүліністер әртүрлі дәрежеде және деңгейлерде болуы мүмкін. Олар кейде қарапайым көзбен байқалатын үлкен дәрежеде болса (мысалы, жаракат, күйік, сынық, қанқұйылу т. б.) көпшілік жағдайларда жай кезбен көрінбейтін, анықтау үшін арнайы тәсілдер қолдануды қажет ететін болады. Олар молекулаішілік, субжасушалық, ағзалық, тіндік, жасушалық, жүйелік деңгейлерде болуы мүмкін. Сондықтан, оларды анықтау үшін әртүрлі биохимиялық, гистологиялық, иммунологиялық және басқа да тәсілдерді қолданады. Бұл бүліністерге организмде жауап ретінде қорғану-икемделу үрдістері дамиды. Мысалы, атмосфералық ауада оттегі жетіспегенде тыныс алу жиілейді және тереңдейді, жүрек соғысы жиілеп, айналымдағы қан ағымын: жылдамдатады, эритроциттердің, сонымен бірге гемоглобиннің деңгейі көтеріледі т. с. с. Бұлардың барлығы организмге жетіспейтін оттегін толтыруға бағытталған организмнің икемделістік шаралары.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Х.С.Жұмабеков. Жануарлар патологиясы
Алматы, 2011
- К.Ю.Дербышев.